

Несіпбай Айнұр Шыңғысханқызының «Қазақ тіліндегі будан терминдердің лингвистикалық ерекшеліктері» атты 8D02303 – «Филология» БББ бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына

ПІКІР

Диссертация қазақ тіліндегі будан терминдердің лингвистикалық табиғатын айқындауға арналған. Қазіргі жаһандану заманында ғылым мен техниканың, ақпараттық технологиялардың мәдениаралық қатынастың дамуы жаңа ұғымдар мен терминдерін пайда болуына ықпал етеді.

Зерттеудің өзектілігі қазақ тіліндегі будан терминдердің тілдік табиғатын ашып, жасалу жолдары мен функционалдық ерекшеліктерін, ұлттық терминологиялық жүйеден алатын орнын айқындау қажеттілігінен көрінеді.

Диссертацияның «Тілдегі будан құбылысын зерттеудің теориялық негіздері» атты бірінші тарауында лингвистикалық будан құбылысының, будан сөздер мен терминдік атауларды зерттеуші шетелдік және отандық ғалымдардың тұжырымдары сараланған, будан терминдердің құрамы және типологиясы айқындалған. Жұмыстың екінші тарауы «Қазақ тіліндегі будан терминдердің жасалу жолдары» деп аталып бұл тарауда тіліміздегі будан термин жасауда қолданылатын терминжасамдық тәсілдер сараланған. Синтетикалық, аналитикалық және аралас тәсіл арқылы жасалған будан терминдердің деривациялық модельдері анықталған. Зерттеудің «Қазақ тіліндегі будан терминдердің қолданысы және ұлттық терминологиядан алатын орны» атты үшінші тарауы будан терминдердің ұлттық терминологиялық жүйеден алатын орнын, төл тіліміздің зандаулықтарына сай игерілуін, грамматикалық және әдеби нормаларға сай қолданылуын, функционалды-семантикалық ерекшеліктерін қарастыруға арналған.

Зерттеу жұмысында алғаш рет қазақ тіліндегі будан құбылысын зерттеудің теориялық негіздері жасалып, будан терминдердің типологиясы, құрамындағы компоненттердің шығу негізіне қарай, жасалу жолдарына қарай түрлері жүйеленеді.

Будан терминдердің ғылыми мәтіндердегі қолданысын зерделеп, функционалдық қызметі айқындалады; қазіргі медиакеңістіктері будан терминдік түзілімдердің ақпараттық-коммуникативтік қызметі, қазақ тіліндегі будан түзілімдердің қазақ тілінің терминологиялық жүйесіндегі алатын орны айқындалады.

Будан терминдердің ғылыми мәтіндердегі функционалдық сипатын зерттеуде номинативті, дефинициялық, сигнификаттық, танымдық функцияларымен қатар бағдарлау функциясы, жүйелеу, модельдеу, болжамдық функциялары анықталады. Медиакеңістіктері будан терминдердің ақпараттық-коммуникативтік функциясы белгілі бір ғылым саласындағы ақпаратты дәл және түсінікті түрде жеткізуінен көрінетіні және күрделі ұғымдарды немесе процестерді қысқа әрі нақты түрде жеткізуге

мүмкіндік беретіні туралы тұжырымдар жасап, нақты мысалдар арқылы дәлелдейді. Зерттеуші қазақ тіліндегі будан терминдердің қолданылуында төлтілдік баламалары бола тұра шеттілдік сөздерді орынсыз қолдану; будан терминдердің тым шұбалаңқы болып келуі; терминге қойылатын талаптардың бұзылуы; тілдік нормалардың сақталмауы, бірізділіктің болмауы сияқты бірқатар мәселелерді көтеріп, будан терминдер қолданысындағы аталған кемшіліктерді жою тіл тазалығының сақталуына, ұлттық ғылым тілінің дамуына ықпал етеді деп есептейді.

Диссертацияның құрылымы жүйелі, тараулар арасында логикалық байланыс сақталған. Жұмыстың теориялық және практикалық маңызы жоғары. Зерттеу жұмысында қарастырылған мәселелер қазақ терминологиясы ғылымының теориялық тұрғыда толығуна сондай ақ ұлттық терминкорды жаңа үлгідегі терминдермен байытуға, терминологиялық жүйені реттеуге және жаңа терминдерді бейімдеудің тиімді тәсілдерін айқындауға септігін тигізеді.


Диссертация ҚР Жоғары білім және ғылым министрлігі, Білім беру және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» талаптарына толық сәйкес келетіндіктен, Несілбай Айнур Шыңғысханқызының «Қазақ тіліндегі будан терминдердің лингвистикалық ерекшеліктері» атты 8D02303 – «Филология» БББ бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған зерттеу енбегі үшін 8D02303 – «Филология» БББ бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне лайық деп есептейміз.

Ғылыми кеңесші,

Филология ғылымдарының докторы

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ профессор м.а.

Абikenова Г.Т.



Сеномактор отрн:
Абikenова Г.Т.